

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көлік саласындағы басым интеграциялық инфрақұрылымдық жобалардың тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 1 Өкімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 86-бабы 3-тармағының 1 және 4-тармақшаларына сәйкес, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 Шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының 6.1.5-тармағын орындау және Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2022 ж. 26 тамыздағы № 19 өкімінің 1-тармағын ескере отырып, сондай-ақ бірыңғай көлік кеңістігін одан әрі қалыптастыру және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде көлік инфрақұрылымын дамытуды үйлестіру мақсатында:

1. Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 19 өкімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттердің көлік саласындағы басым интеграциялық инфрақұрылымдық жобалар тізбесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) III бөлім мынадай мазмұндағы 4¹ және 4² тармақтармен толықтырылсын:

"4¹. "Орск-Қандыағаш – Мақат – Бейнеу – Болашақ", "Илецк – 1-Ақтөбе", "Челябі – Тобыл – Никельтау", "Ақсарай – Мақат", "Шалқар – Бейнеу – Маңғыстау" учаскелерінде қолданыстағы теміржол инфрақұрылымын жаңғыртумен "Солтүстік – Оңтүстік Шығыс" халықаралық көлік дәлізін дамыту.

4². "Ресей - Орталық Азия елдері" дәлізін дамыту:

"Дарбаза-Мақтаарал" теміржол желісінің құрылысы;

"Қазалы-Арыс" учаскесінде екінші теміржол жолдарын салу."";

б) IV бөлім мынадай мазмұндағы 5¹ және 5² тармақтармен толықтырылсын:

"5¹. "Балықшы-Кочкор-Қара-Кече-Макмал-Джалал-Абад" темір жол жобасы.

5². "Бішкек қаласының солтүстік айналма жолын қайта жаңарту" автомобиль жолының жобасы".

2. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларус Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК